«ZIATKER TURAN» ЖШС 2024-2025 оқу жылындағы
7-сынып жетекшілерінің жылдық жұмыс жоспарына анықтама

2024-2025 оқу жылында 7-сыныпта тәрбие жұмысы сынып сағаттарының жылдық жоспарына сәйкес жүйелі түрде жүргізілді. Тәрбие жұмысының негізгі мақсаты оқушылардың бойында ұлттық құндылықтарды, отансүйгіштік сезімді, еңбеккорлықты, жауапкершілікті, адамгершілікті, құқықтық сауаттылықты, өзара сыйластық пен ынтымақтастықты қалыптастыру.

Жыл бойы сынып сағаттары «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізгі құндылықтарымен байланысты ұйымдастырылып, оқушылардың жас ерекшеліктері ескерілді. Сонымен қатар әр сынып сағатында қауіпсіздік сабақтарына уақыт бөлініп, жол қозғалысы ережелері, интернет қауіпсіздігі, буллинг пен кибербуллингтің алдын алу, төтенше жағдай кезіндегі іс-әрекет, алғашқы медициналық көмек көрсету және жеке қауіпсіздік мәселелері қамтылды.

Тәрбие жұмысы барысында пікірталас, әңгімелесу, түсіндіру, тренинг, сауалнама, топтық жұмыс, практикалық тапсырмалар, челлендждер және шығармашылық жұмыстар сияқты түрлі әдістер қолданылды.

I тоқсан

Қыркүйек - еңбеккорлық және кәсіби біліктілік айы

«Менің Отаным – Қазақстан!»

Сынып сағатында 1 қыркүйек – Білім күніне орай оқушыларға Қазақстан Республикасының тарихы, мемлекеттік рәміздері, туған жерге деген сүйіспеншілік пен отансүйгіштік туралы түсінік берілді. Оқушылар өз Отаны туралы ой-пікірлерімен бөлісіп, Қазақстанның жетістіктері жөнінде әңгімеледі.

Қауіпсіздік сабағы: «Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары». Оқушылар төтенше жағдай кезінде хабарласатын қызмет нөмірлерімен танысып, көмек сұраудың дұрыс жолдарын үйренді.

Нәтижесі: Оқушылардың Отанға деген сүйіспеншілігі артып, қауіпсіздік ережелерін білу деңгейі қалыптасты.

«Отбасындағы сыйластық»

Сынып сағатында отбасының адам өміріндегі маңызы, ата-анаға құрмет, отбасы мүшелері арасындағы өзара түсіністік пен сыйластық мәселелері талқыланды. Оқушылар отбасындағы өз міндеттері туралы ой бөлісті.

ЖЖЕ №1: «Көлік құралдарын пайдалану ережелері». Жол қозғалысы кезіндегі қауіпсіздік талаптары қайталанды.

Қауіпсіздік сабағы: «Бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезіндегі қауіпті сигналдар». Оқушылар бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасауда сақтық шараларын меңгерді.

«Буллингтен қорғаң!»

Оқушыларға буллинг ұғымы, оның түрлері және алдын алу жолдары түсіндірілді. Сыныпта өзара құрмет пен қолдау көрсету, қиын жағдайда көмек сұрау мәселелері карастырылды.

Қауіпсіздік сабағы: «Цифрлық диета» челленджі. Оқушылар гаджеттерді шамадан тыс пайдаланудың алдын алу, экран уақытын тиімді ұйымдастыру туралы пікір алмасты.

«Еңбек түбі - береке»

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында еңбеккорлықтың адам өміріндегі маңызы түсіндірілді. Оқушылар адал еңбек, жауапкершілік, мамандық таңдау және өз еңбегін бағалау туралы пікірлерін білдірді.

Қауіпсіздік сабағы: «Кибербуллингтің түрлері және әрекет ету алгоритмі». Оқушылар кибербуллинг жағдайында кімге жүгіну керектігін және жеке қауіпсіздікті сақтаудың негізгі жолдарын меңгерді.

Қазан - тәуелсіздік және отаншылдық айы

«Қоғамға қызмет ету» волонтерлық қызметі

«Қамқор» жобасы негізінде оқушыларды қайырымдылыққа, үлкендерге көмек көрсетуге, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысуға тәрбиелеу мақсатында әңгіме жүргізілді.

Қауіпсіздік сабағы: «Жағдайларда ата-аналарға сену неге маңызды?». Оқушылар қиын жағдайда ата-анамен ашық сөйлесудің және көмек сұраудың маңызын түсінді.

«Ұстазым - ұлағатым, үлгі-өнегем!»

Мұғалім еңбегін құрметтеу, ұстазға алғыс білдіру, білім алуға жауапкершілікпен қарау мәселелері қозғалды.

ЖЖЕ №2: «Автомобильдегі медициналық қобдиша». Оқушылар жолдағы қауіпсіздік және медициналық қобдишаның қажеттілігі туралы мәлімет алды.

Қауіпсіздік сабағы: «Желідегі қауіпті хобби (треш-стрим)». Интернеттегі қауіпті контенттің ерекшеліктері мен оның ықтимал салдары түсіндірілді.

«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам»

Оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттыру, интернетті қауіпсіз пайдалану, жеке ақпаратты қорғау және желідегі мәдениетті қарым-қатынас жасау мәселелері қарастырылды.

Қауіпсіздік сабағы: «Судағы қауіпті жағдайларды қалай тануға және судағы жазатайым оқиғалардың алдын алуға болады?». Су айдындарындағы қауіпсіздік ережелері қайталанды.

«Қазақ елі - менің Отаным»

25 қазан - Республика күніне орай Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі, мемлекеттік құндылықтары, ел тарихы мен Отанды құрметтеу тақырыптары қамтылды.

Қауіпсіздік сабағы: «Өзіңізге және айналаңыздағыларға қауіпсіз велосипед тебуді қалай қамтамасыз етуге болады?». Велосипедпен жүру кезіндегі қауіпсіздік талаптары түсіндірілді.

II тоқсан

Қараша - әділдік және жауапкершілік айы

«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс»

Оқушыларға адалдық, еңбекқорлық, жауапкершілік және еңбектің нәтижесін бағалау туралы түсінік берілді. Адал еңбектің қоғамдағы маңызы талқыланды.

Қауіпсіздік сабағы: «Қиын кезеңдердегі достық». Жанжал кезінде досына қауіпсіз түрде көмек көрсету жолдары қарастырылды.

«Ұлттық валюта – теңге»

15 қараша - Ұлттық валюта күніне орай теңгенің тарихы, Қазақстан экономикасындағы орны және қаржылық сауаттылықтың маңызы туралы ақпарат берілді.

Қауіпсіздік сабағы: «Менің негізгі құқықтарым мен міндеттерім». Оқушылар өз құқықтары мен міндеттерін ажыратып, жауапкершілік ұғымын түсінді.

«Буллингтен қорғаң!»

Буллингтің алдын алу, сыныптағы психологиялық ахуалды жақсарту, бір-бірін құрметтеу және жанжалдарды бейбіт жолмен шешу туралы әңгіме жүргізілді.

ЖЖЕ №3: «ЖКО-да зардап шегушінің киімін шешу ережелері».

Қауіпсіздік сабағы: «Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары».

«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»

Оқушыларға табиғи ресурстарды ұқыпты пайдалану, суды, электр энергиясын және тағамды ысырап етпеу туралы түсінік берілді.

Қауіпсіздік сабағы: «Бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезіндегі қауіпті сигналдар». Қауіпті жағдайды алдын ала тану және қауіпсіз әрекет ету жолдары талқыланды.

Желтоқсан - бірлік және ынтымақ айы

«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!»

«Қамқор» жобасы аясында табиғатты қорғау, қоршаған ортаны таза ұстау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру мәселелері қамтылды.

Қауіпсіздік сабағы: «Цифрлық диета». Гаджеттерді тиімді пайдалану және цифрлық ортадағы уақытты басқару туралы айтылды.

«Буллингтен қорғаң!»

Кибербуллингтің түрлері, оның белгілері және қауіпсіздік алгоритмі қарастырылды. Оқушылар интернеттегі жағымсыз жағдайларда ересектерден көмек сұраудың маңызын түсінді.

«Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым»

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай оқушыларға еліміздің тәуелсіздік тарихы, ұлттық құндылықтар және ел болашағына жауапкершілік туралы түсінік берілді.

ЖЖЕ №4: «Жараланғанда, жарақаттанғанда және жазатайым оқиғалар кезіндегі алғашқы медициналық көмек».

Қауіпсіздік сабағы: «Жағдайларда ата-аналарға сену неге маңызды?».

«Жаңа жылдық тарту»

Жаңа жыл мерекесіне орай оқушылар арасында жылы қарым-қатынас, достық, өзара сыйластық және жақсы көңіл-күй қалыптастыруға бағытталған тәрбие жұмысы жүргізілді.

Қауіпсіздік сабағы: «Желідегі қауіпті хобби (треш-стрим)». Қауіпті интернет контентінен сақтану жолдары түсіндірілді.

III тоқсан

Қаңтар - зақ және тәртіп айы

«Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!»

Оқушыларға сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тигізетін кері әсері, адалдық пен заңды құрметтеудің маңызы түсіндірілді.

Қауіпсіздік сабағы: «Судағы қауіпті жағдайлар және жазатайым оқиғалардың алдын алу».

«Буллингтен қорғаң!»

Буллингке жол бермеу, құрдастар арасындағы сыйластық, қиын жағдайда бір-біріне қолдау көрсету мәселелері талқыланды.

Қауіпсіздік сабағы: «Қауіпсіз велосипед тебу».

«Заң және тәртіп» құндылығы

Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында заңды сақтау, тәртіпті болу, өз әрекетіне жауапкершілікпен қарау мәселелері қарастырылды.

ЖЖЕ №5: «Сынған кездердегі алғашқы медициналық көмек. Қан аққан кездегі алғашқы медициналық көмек».

Қауіпсіздік сабағы: «Қиын кезеңдердегі достық».

Ақпан - жасампаздық және жауапшылдық айы

«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам»

Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күніне орай оқушылардың цифрлық сауаттылығы арттырылды. Интернеттегі қауіпсіздік, ақпаратты тексеру және жауапты цифрлық мінез-құлық мәселелері қарастырылды.

Қауіпсіздік сабағы: «Менің негізгі құқықтарым мен міндеттерім».

«Буллингтен қорғаң!»

Буллингтің алдын алу, құрдастар арасындағы жағымды қарым-қатынас және қиын жағдайда көмекке жүгіну жолдары түсіндірілді.

Қауіпсіздік сабағы: «Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары».

«Қауіпсіз қоғам»

Қауіпсіз қоғам қалыптастырудағы әр адамның жауапкершілігі түсіндірілді.

ЖЖЕ №6: «Теміржол өтпелерінен жүріп өту. Қала сыртындағы жолдарда қауіпсіздік».

Қауіпсіздік сабағы: «Бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезіндегі қауіпті сигналдар».

«Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік»

Оқушыларға құқықтық тәртіп, әлеуметтік жауапкершілік, өз әрекетінің салдарын түсіну және қоғамдағы тәртіп нормаларын сақтау туралы түсінік берілді.

Қауіпсіздік сабағы: «Цифрлық диета». Гаджеттерді саналы пайдаланудың маңызы талқыланды.

Наурыз - тәуелсіздік және отаншылдық айы

«Алғыс - ізгі ниет»

Алғыс айту мәдениетін қалыптастыру, жақын адамдарды қадірлеу, ізгілік пен мейірімділік көрсету мәселелері қамтылды.

Қауіпсіздік сабағы: «Кибербуллингтің түрлері және әрекет алгоритмі».

«Ананың аялы алақаны»

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының челленджі аясында анаға деген құрмет, отбасы құндылығы, ата-ананың бала тәрбиесіндегі орны туралы әңгіме жүргізілді.

Қауіпсіздік сабағы: «Жағдайларда ата-аналарға сену неге маңызды?».

«Наурыз - жыл басы»

Наурыз мерекесінің тарихы мен ұлттық дәстүрлері таныстырылып, ұлттық құндылықтарды құрметтеу, бірлік пен татулықты сақтау мәселелері қамтылды.

ЖЖЕ №7: «Велосипедшілер, мопедшілер қозғалысының ережелері».

Қауіпсіздік сабағы: «Желідегі қауіпті хобби (треш-стрим)».

IV тоқсан

Сәуір - еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

«Дүниежүзілік денсаулық күні»

Оқушыларға денсаулықты сақтау, дұрыс тамақтану, қозғалыс белсенділігі және жеке гигиенаның маңызы түсіндірілді.

Қауіпсіздік сабағы: «Судағы қауіпті жағдайлар және жазатайым оқиғалардың алдын алу».

«Өмірге салауатты қадам»

Салауатты өмір салтын ұстану, спортпен айналысу, зиянды әдеттердің алдын алу мәселелері қарастырылды.

ЖЖЕ №8: «Велосипедтерде, мотоциклдерде және мотороллерлерде жолаушылар мен жүк тасымалдау ережелері».

Қауіпсіздік сабағы: «Қауіпсіз велосипед тебу».

«Буллингтен қорғаң!»

Оқушыларға буллингтің алдын алу, достық қарым-қатынас орнату, жанжал жағдайында қауіпсіз әрекет ету және өзгенің жеке шекарасын құрметтеу түсіндірілді.

Қауіпсіздік сабағы: «Қиын кезеңдердегі достық: жанжалда досыңызға қалай қауіпсіз көмектесуге болады?».

«Атадан өсиет, анадан қасиет»

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы ұйымдастырған шеберлік сынып аясында отбасы тәрбиесі, үлкенді сыйлау, ата-ананың өнегесін бағалау мәселелері қамтылды.

Қауіпсіздік сабағы: «Менің негізгі құқықтарым мен міндеттерім».

«Біз әртүрліміз, бір теңбіз»

Оқушылар арасында өзара сыйластық, теңдік, толеранттылық, әр адамның ерекшелігін құрметтеу құндылықтары насихатталды.

Қауіпсіздік сабағы: «Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары».

Мамыр - бірлік және ынтымақ айы

«Буллингтен қорғаң!»

Буллингтің алдын алу және сыныптағы жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру мәселелері қарастырылды.

ЖЖЕ №9: «Велосипедшілермен арнайы белгіленген алаңда практикалық сабақтар».

Қауіпсіздік сабағы: «Бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезіндегі қауіпті сигналдар».

«Қауіпсіз қоғам»

Қоғамдағы қауіпсіздік ережелері, азаматтық жауапкершілік, өзіне және айналасындағыларға қамқорлық жасау мәселелері талқыланды.

Қауіпсіздік сабағы: «Цифрлық диета». Гаджеттерді дұрыс пайдалану және цифрлық гигиена туралы түсінік берілді.

«Білімім - Отаныма!»

Оқу жылының қорытынды сынып сағатында білімнің адам өміріндегі маңызы, алған білімді ел игілігіне пайдалану, Отанға қызмет ету, мақсат қою және болашаққа жауапкершілікпен қарау мәселелері қамтылды.

ЖЖЕ №10: «Велосипедшілермен арнайы белгіленген алаңда практикалық сабақтар».

Қауіпсіздік сабағы: «Кибербуллингтің түрлері және қауіпсіз әрекет алгоритмі».

Жылдық қорытынды

2024-2025 оқу жылында 7-сыныпта жоспарға сәйкес 34 сынып сағаты өткізілді. Сынып сағаттарының мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес құрылып, тәрбие жұмысының негізгі бағыттары қамтылды.

Оқу жылы барысында төмендегі құндылықтарды қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінді:

- отансүйгіштік және азаматтық жауапкершілік;
- еңбеккорлық және адал еңбек;
- отбасы құндылықтарын құрметтеу;
- үлкендерді сыйлау және кішіге қамқор болу;
- әділдік пен жауапкершілік;
- заң мен тәртіпті сақтау;
- достық, бірлік және ынтымақтастық;

- толеранттылық және өзара сыйластық;
- салауатты өмір салты;
- экологиялық мәдениет;
- цифрлық және ақпараттық қауіпсіздік;
- жол қозғалысы қауіпсіздігі;
- буллинг пен кибербуллингтің алдын алу;
- құқықтық сауаттылық;
- төтенше жағдайлар кезіндегі қауіпсіз мінез-құлық.

Қауіпсіздік сабақтары барысында оқушылар жедел қызмет нөмірлерін білу, бейтаныс адамдармен қарым-қатынаста сақ болу, интернеттегі қауіптерден қорғану, жеке деректерді қорғау, кибербуллингке қарсы әрекет ету, судағы және жолдағы қауіпсіздік ережелерін сақтау, алғашқы көмек көрсету негіздері бойынша білімдерін толықтырды.

Жыл ішінде оқушылардың сынып өміріне белсенді араласуына, өз пікірін еркін білдіруіне, бір-бірін тыңдауына және құрметтеуіне жағдай жасалды. Тәрбие жұмыстары барысында оқушылардың жауапкершілігі мен қоғамдық белсенділігін арттыруға бағытталған түрлі жобалар, челлендждер, акциялар және шығармашылық жұмыстар ұйымдастырылды.

Қорытынды

Жоспарланған тәрбие жұмыстары оқу жылы бойы жүйелі түрде жүзеге асырылды. Сынып сағаттары оқушылардың адамгершілік қасиеттерін дамытуға, азаматтық ұстанымын қалыптастыруға, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын жетілдіруге және сыныптағы жағымды қарым-қатынасты нығайтуға бағытталды.

Алдағы оқу жылында оқушылардың құқықтық, цифрлық және қаржылық сауаттылығын арттыруға, қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға, отбасылық және ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, салауатты өмір салтын насихаттауға және оқушылардың қоғамдық белсенділігін дамытуға бағытталған тәрбие жұмыстарын жалғастыру жоспарланады.

Жасалған жұмыстардың дәлелдеме құжаттарының үлгісі қосымшада ұсынылды (7Б сынып)

Сынып жетекші әдістеме бірлестік жетекшісі: Д.Халбаева

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: М.А.Жадикова